

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 14 маусымда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі
А.М.Сатқалиевқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Алмасадам Майданұлы!

Былтырғы жылы Екібастұз қаласында орын алған апатты жағдай ел есінен кете қойған жоқ. Қазір апаттың салдарымен күресіп, жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бүгінгі бізді толғандырып отырған мәселе, Павлодар облысына қарасты Ақсу қаласының жылу мәселесі.

Атап айтар болсақ, 73 мыңдай халық тұратын шаһар бүгінде Ақсу ферроқортпа зауытының қазандығы арқылы жылытылып келеді. Оның да қазандықтарының тозығы жетіп тұрғандығы жасырын емес. Оған қаланың ескірген ішкі жылу жүйесін қосыңыз. Алда-жалда апат орын ала қалса, Екібастұздың күйіне түсуі мүмкін екендігін ескертеміз.

2016 жылдан қолға алынып, 2017 жылдың қалаға жеке қазандық салу жұмысы басталған. «Ақсу қаласының құрылыс бөлімінің» тапсырысы бойынша 10 млрд.698 млн. теңге бөлініп құрылыс жұмыстары басталған. Алайда қаржы жекіліксіз деп танылып, осы уақытқа дейін жалпы алғанда 12 млрд.-қа жуық қаражат жұмсалды.

Бірақ, салынып бітіп, іске қосылған қазандық жоқ!

Қала шетіне бой көтерген нысан мердігерден-мердігердің, суб мердігердің қолына өткен түсініксіз нысан болып әлі тұр.

Енді, ел бюджетінен миллиардтаған қаражат жұмсалған сақалды құрылыс үшін кім жауап береді? Бұл арнайы тексерісті, жеке-дара талдап қарауды қажет ететін сауал.

Сондықтан ертең қыстың көзі қырауда Ақсу қаласының тұрғындары да жылусыз қалуы мүмкін деген қауіппен дабыл қағып отырмыз. Әрі арнайы шаралар қабылданып, дереу шешім қабылдауы керек.

Ендігі кезекте мәселені түбегейлі шешу үшін Министрлік жанынан шұғыл түрде арнайы комиссия құрылуы қажет. Шаһардың жылу жүйесіндегі мәселелер жедел сарапталып, оның түпкілікті шешілу жолы айқындаулы керек деген ойдамыз.

Депутаттық сауалға Заң аясында белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймын.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің
депутаты,**

**«Аманат»
фракциясының мүшелері**

Ж.Амантай

Н.К. Әшімбетов

Д.Н. Тұрғанов

**«Ауыл» партиясы
фракциясының мүшесі**

Н.Арсютин

**«ЖСДП» партиясы
фракциясының мүшесі**

А.Сағандықова

**«ҚХП» партиясы
фракциясының мүшесі**

И.Сұңқар

*Орын.: Саруарова А.С.
74-61-76*

Результаты согласования

14.06.2023 15:00:43: Арсютин Н. Г. (Комитет по законодательству и судебно-правовой реформе) - - согласовано без замечаний

14.06.2023 15:04:20: Сұңқар И. Е. (Комитет по аграрным вопросам) - - согласовано без замечаний

14.06.2023 15:04:18: Сағандықова А. Б. (Комитет по вопросам экологии и природопользованию) - - согласовано без замечаний

14.06.2023 16:01:08: Ашимбетов Н. К. (Комитет по аграрным вопросам) - - согласовано без замечаний

14.06.2023 17:19:26: Турғанов Д. Н. (Комитет по вопросам экологии и природопользованию) - - согласовано без замечаний